# Жетісу шұғыласы

№ 43 (9077), жұма, 24 қазан 2025 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.


## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТЕЛЕКӨПІР АРҚЫЛЫ KIA QAZAQSTAN АВТОМОБИЛЬ ЗАУЫТЫН АШТЫ



*Президент Қасым-Жомарт Тоқаев іс-шараға қатысушыларды зауыттың ашылуымен құттықтап, бұл еліміздегі машина жасау саласын дамыту бағытындағы өте маңызды қадам екеніне назар аударды.*

*Мемлекет басшысы осыдан екі жыл бұрын Қостанайға сапары кезінде KIA Sportage автокөлігінің өндірісі іске қосылғанын еске салды. Бүгін KIA Motors корпорациясымен жасалған келісімге сәйкес зауыт ашылды.*

*Қасым-Жомарт Тоқаев KIA Corporation президенті Хо-сунг Сонгқа және компанияға шынайы ризашылығын білдіріп, ауқымды жұмыс атқарылғанын, нәтижесінде өзара тиімді және жемісті байланыс нығая түскенін атап өтті.*

*– Жалпы, бүгінгі айтулы оқиға Қазақстан мен Корея арасындағы стратегиялық серіктестік пен табысты қарым-қатынастың жарқын көрінісі екені анық. Корея Республикасы – Қазақстанның Азиядағы сенімді әріптесі. Біз ынтымақтастығымызды күшейте түсуге мүдделіміз. Қазір Қазақстанда Кореяның 800-ден астам компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Соның ішінде автокөлік жасау саласын өзара тиімді ықпалдастық көзі деп айтуға толық негіз бар. Бүгін ашылып жатқан бірегей зауыт – соның айқын дәлелі. KIA корпорациясы автомобиль шығаратын әлемдегі 10 ірі компанияның қатарына кіреді. Сондай-ақ KIA – Қазақстан азаматтары ең көп сатып алатын үш көлік маркасының бірі. KIA брендінің атауы «көтеріліп келе жатқан» және «Азия» деген екі иероглифтен құралуының символдық мәні бар. Шын мәнінде, компания Азияның жаңа экономикалық өрлеуі мен гүлденуінің жарқын көрінісіне айналды. KIA – келешектің корпорациясы. Кәсіпорын шығаратын автокөліктерде озық технология, тартымды дизайн және жоғары деңгейдегі сенімділік үйлесім тапқан, – деді Президент.*

*Қасым-Жомарт Тоқаев KIA компаниясы әлеуметтік жауапкершілік аясында адам капиталын дамытуға белсенді түрде инвестиция салып келе жатқанына тоқталды.*

*– Әлемдік автоалпауыт еліміздегі зауытты іске қоспай тұрып, Қазақстан және Корея университеттерімен, колледжерімен ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жолға қоя бастады. Бұдан бөлек, білікті кадрларды даярлау үшін компания корпоративтік оқу орталығын ашуды жоспарлап отыр. KIA осы арқылы қызметкерлерге қамқорлық – ұйым мәдениетінің маңызды бөлшегі екенін көрсетеді. Бұл шынайы құрмет пен ниеттестік ортасын қалыптастырады. Жұмысшы мамандарға дәл осындай қарым-қатынас қоғамда еңбекқорлық пен әлеуметтік әділдік құндылықтарының орнығуына септігін тигізеді. Зауытта өндіріс локализациясына екпін қойылып отыр. Бұл шығарылатын өнімдегі қазақстандық үлесті едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Сарапшылардың есебінше, автозауыттағы әрбір жұмыс орны логистика, сервис, инфрақұрылым салаларында жанама түрде бес-алты адамды жұмыспен қамтуға ықпал етеді. Бұл – жай ғана өндіріс желісінің кеңеюі емес, толық өнеркәсіп кластерін қалыптастыру үшін жасалған зор қадам. Мұндай жүйеде шағын және орта бизнес тұрақты дамуға мүмкіндік алады. Өндірісті ұйымдастырудың осындай кешенді тәсілі Қостанай облысының ғана емес, тұтас еліміздің индустриялық әлеуетін күшейтеді. KIA зауыты қазақстандық автоөнеркәсіптің өркендеуіне тың серпін беретініне сенімдімін. Жаңа кәсіпорынның жұмысы отандық автопарктің жаңаруына септігін тигізеді. Ол қалалар мен күре жолдардағы жол қозғалысы қауіпсіздігіне оң әсер етеді, – деді Мемлекет басшысы.*

*Президент мемлекеттің машина жасау саласына баса мән беретінін жеткізді.*

*– Былтыр осы салаға 290 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылды. Бұл – алдыңғы жылмен салыстырғанда екі жарым есе көп. Осы үрдіс биыл да жалғасуда. Жыл басынан бері осы салаға 178 миллиард теңге қаражат салынды. Инвесторлар Қазақстанға зор қызығушылық танытып отыр. Ауқымды шаралардың нәтижесінде бұл бағытта бірқатар табысқа қол жеткіздік. Өткен жылы елімізде 145 мыңнан астам көлік шығарылды. Астана, Алматы, Семей, Орал, Көкшетау, Қостанай және Саран қалаларында автокөлік өндірісіне қатысты кәсіпорындар жұмыс істеп тұр. Он мыңнан астам азаматымыз осы салада еңбек етеді. Оның жартысына жуығы – жастар. Ал Қостанайдағы зауытта бір жарым мың адам жұмыс істейтін болады. Жұмысшылар жаңа дағдыларды игеріп, білікті маман ретінде қалыптасады. Алдағы уақытта кәсіпорын инженерлердің нағыз шеберханасы болады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.*

*Президент жақында Үкіметке экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін нақты шаралар әзірлеу туралы тапсырма беріліп, осыған байланысты бірқатар маңызды шешім қабылданғанын айтты.*

*– Соған сәйкес енді азаматтарға автокөлікті лизингпен алу мүмкіндігі ұсынылады. Соның арқасында автокөліктер халыққа мейлінше қолжетімді бола түспек. Елімізде KIA Qazaqstan зауытының іске қосылуы осы саланы технологиялық тұрғыдан жаңғыртуға зор серпін берері сөзсіз. Кәсіпорын болашақта басқа да жаңа көлік түрлерін шығарады деп сенемін. Осылайша, әлемдік озық талаптарға сай көліктерімізді сыртқы нарыққа, яғни шетелге шығаруға мүмкіндік болмақ. Қазақстан жаһандық автокөлік өнеркәсібінің дамуына бар күш-жігерін салуға дайын, – деді Президент.*

*Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев KIA Corporation президенті Хо-сунг Сонгты II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.*

*– Біз Сіздің қазақ-корей ынтымақтастығының дамуына, қос халықтың арасындағы достықтың нығаюына қосқан үлесіңізді жоғары бағалаймыз. Шын мәнінде, еліміздің автокөлік саласын дамытуға сіңірген еңбегіңіз мол, – деді Президент.*

*KIA Qazaqstan зауытын салу туралы шешім 2023 жылы қабылданды. Кәсіпорын Қостанай қаласының индустриялық аймағындағы 62,95 гектар аумақта орналасқан. Зауыт жылына 70 мың көлік өндіре алады. Инвестиция көлемі – 131,5 миллиард теңге. Кәсіпорында 1500 жұмыс орны ашылған. Ал оның өнімі Қазақстанға, Орталық Азия және ЕАЭО елдерінің нарықтарына шығарылады.*



akorda.kz

## ЖЕТІСУДА АККУМУЛЯТОР БАТАРЕЯЛАРЫНЫҢ ЖАҢА ТҮРІ ӨНДІРІЛЕ БАСТАДЫ



*Жетісу облысында Республика күнінің қарсаңында «Қайнар-АКБ» зауытының жаңа өндірістік желісі іске қосылды. Мұнда резервте электр қуатын беруге арналған аккумулятор батареялары өндіріледі, - деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.*

*Зауыт ұжымын қуанышты сәтпен облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтады:*

*- Жаңа жоба облыс экономикасын дамытуға, жергілікті халықты жұмыспен қамтуға ықпал етеді деп сенеміз. Бұрын автокөлік аккумуляторлары «Қайнар» зауытының танымал бренді болса, енді оның жаңа өнімдері де сапа мен сенімділіктің кепілі болғалы отыр. Біз отандық өнім өндіру ісін ұйымдастыруға септігін тигізетін осындай бастамаларды әрдайым қолдауға дайынбыз, - деген өңір басшысы бірқатар зауыт жұмысшыларына алдағы Республика күніне орай Құрмет грамотасы мен Алғыс хат тапсырды.Өз кезегінде «Қайнар-АКБ» ЖШС бас директоры Ербол Ажмағамбетов облыс әкімдігінің қолдауына ризашылығын білдіріп, жаңа желінің жұмысы зауытқа тың тыныс беретінін атап өтті. Мұнан соң өңір әкімі мен зауыт басшысы символдық нүктені басып, жаңа желінің жұмысын ресми түрде бастап берді.Зауыт жұмысшыларымен тілдескен Бейбіт Исабаев құю, үгіту, қаптау цехтарын аралап, жұмыс процесімен танысты.*

*Зауыт басшылығының мәліметіне қарағанда, жаңа жобаны іске асыруға әзірге 10 млрд. теңге инвестиция тартылған, алдағы уақытта инвестиция көлемі өседі деп күтілуде.*

*- Бұл біздің зауыттың үшінші өндірістік учаскесі. Жаңа желіде өндіретін аккумулятор батареялары резервте қуат беруге арналған, яғни белгілі бір нысанда электр тогы сөніп қалған жағдайда ток көзімен қамтамасыз ету үшін және телекоммуникация салаларында пайдаланылады, яғни корпоративтік сектормен жұмыс істеуге басымдық беріп отырмыз. Жобаның I кезегінде, яғни келесі жылы шамамен 100 мың аккумулятор батареяларын шығару жоспарланып отыр. Мұнда жұмыс істейтіндер саны 150 адамға жеткізіледі. Бұл желіге бұрыннан осы зауытта жұмыс істеп, өндірісті кәсіби деңгейде білетін азаматтар тартылып отыр, ал олардың босаған жұмыс орындарына жаңа мамандар қабылдануда, - дейді бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Талғат Қонақбаев.*

*Жаңа желіге тартылған мамандардың бірі Асқар Рахым жұмыстың барысы туралы пікірін білдірді:*

*- Мен осы зауытта 2023 жылдан бері жұмыс істеймін. Алғашында жинақтау учаскесінен бастадым. Сол жылдардан бері кәсіпорынның өндірістік қуаты өскенін, аккумулятор сапасының жақсара түскеніне тұрақты куә болып келеміз. Сонымен бірге жаңа технологиямен жұмыс істеуді де меңгердік. Ол үшін бізді арнайы оқытудан өткізіп тұрады. Мұндағы жұмыс қиын емес, ең бастысы өз ісіңді жақсы көріп, ынтамен атқарсаң болғаны, - дейді ол.*

*Еске салсақ, «Қайнар-АКБ» зауыты - облыстағы ең ірі, жүйеқұраушы кәсіпорынның бірі. Онда 1200 адам жұмыс істейді. Зауыттың Талдықорған қаласы өнеркәсібіндегі үлесі қазір 33,6% құрап отыр. Бүгінде мұнда жеңіл және жүк автомобильдеріне, ауыл шаруашылығына, әскери техникада т.б. салаларда қолдануға арналған аккумулятор батареяларының 50-ден астам түрін шығарылады. Кәсіпорында аккумулятор өндірісінің толық автоматтандырылған циклі енгізілген - бөлшектерді құюдан бастап дайын өнімді құрастыруға дейінгі барлық құрамдас бөліктер өндіріледі. Өнімдері Италия, Польша, ОАЭ, Ресей, Қытай және басқа да таяу шетелдерге экспорталады. Өткен сегіз айда мұнда шамамен 1,7 млн дана аккумулятор батареясы шығарылған.*

*Фотосуреттерді түсірген: Дмитрий Ерофеев*

*Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.*



# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА КЕЗЕКТІ СЕНБІЛІК ӨТТІ

*18 қазан 2025 жылы «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында Ескелді ауданында кең көлемді сенбілік ұйымдастырылды. Аталған іс-шараға ауданның 11 елді мекені түгелдей атсалысып, көктемгі-күзгі ағаш отырғызу, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілді.*

*Бұл шараның негізгі мақсаты – өңірдің экологиялық ахуалын жақсарту, тұрғындар арасында қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру және табиғатты аялау мәдениетін қалыптастыру болды.*

*Сенбілікке коммуналдық мекемелердің қызметкерлері, ауыл тұрғындары, мектеп оқушылары, жастар ұйымдары мен эко-волонтерлер белсенді түрде қатысты. Жалпы алғанда, 800-ге жуық адам және 12 арнайы техника жұмылдырылып, аудан аумағында ауқымды тазалық жұмыстары жүргізілді.*

*Қатысушылар ауыл көшелерін, саябақтар мен қоғамдық орындарды, өзен-көл жағалауларын және жол бойларын тұрмыстық қалдықтан тазартты. Нәтижесінде 20 тоннадан астам қоқыс жиналып, арнайы полигондарға шығарылды.*

*Сенбілік аясында аудан тұрғындары 2 000 дана жапырақты ағаш көшеттерін отырғызды. Бұл жұмыс ауданның көркі мен экологиялық тұрақтылығын арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды.*

*Көгалдандыру жұмыстары барысында жергілікті әкімдік пен табиғат қорғау ұйымдарының мамандары көшеттерді күтіп-баптау жөнінде нұсқаулықтар беріп, тұрғындарды табиғатты қорғауға үндеді.*

*Аудан әкімдігі өкілдерінің айтуынша, мұндай сенбіліктер тек тазалықты қамтамасыз ету үшін ғана емес, сонымен қатар халық арасында экологиялық мәдениетті нығайту мақсатында да өткізіледі.*

*«Туған жердің әр ағашы мен әр бұтасы – біздің ортақ байлығымыз. Табиғатты қорғау ісі тек бір күндік емес, күнделікті өмір салтына айналуы қажет», – дейді ұйымдастырушылар.*

*Ескелді ауданындағы бұл игі бастама тұрғындардың ауызбіршілігін, табиғатқа деген жанашырлығын тағы бір мәрте көрсетті. Осындай шаралар арқылы өңірдің экологиялық жағдайы жақсарып қана қоймай, жас ұрпаққа туған жерді сүю мен аялаудың жарқын үлгісі ұсынылуда.*

*Тазалық — денсаулық пен игіліктің бастауы. Ескелді тұрғындары бұл қағиданы іс жүзінде дәлелдеді.*

# ЭХИНОКОККОЗ ЖАНҒА ҚАУІПТІ ЖАСЫРЫН ЖАУ!

*Қазіргі таңда адам мен малға ортақ жұқпалы аурулар (зоонездар) өзекті мәселелердің біріне айналды. Соның ішінде көпшілік біле бермейтін, бірақ өте қауіпті ауру эхинококкоз болып табылады. Сырт көзге байқалмайтын, баяу дамитын, алайда ескерусіз қалса, адам өміріне зор қауіп төндіретін, эхинококк деп аталатын таспа құрттар (гельминттер) тудыратын созылмалы паразиттік бұл ауру құрты ит, қасқыр, түлкі сияқты жыртқыштардың ішегінде өмір сүреді, ал аралық иесі қой, сиыр, түйе және, өкінішке қарай, адам бола алады.*

*Аурудың жұғу жолдары қарапайым. Ол иттің нәжісі арқылы қоршаған ортаға түскен паразит жұмыртқалары топырақты, шөпті, суды және көкөністерді ластайды. Қол жуусыз немесе өңделмеген тағам арқылы адам ағзасына түседі. Балалар көбіне итпен ойнағанда, қолын аузына салу арқылы жұқтырады. Паразит жұмыртқасы адамның ішіне түскен соң, қан арқылы бауырға, өкпеге, кейде ми мен жүрекке жетіп, кішкентай көпіршік (киста) түзеді. Бұл киста жылдар бойы өсіп, көрші тіндерді қысып, ағза жұмысына кері әсер етеді.*

*Эхинококкоз бірден білінбейді. Адам ұзақ уақыт ешқандай белгіні сезбеуі мүмкін. Бірақ уақыт өте келе оң жақ бүйірдің ауырсынуы, тәбеттің төмендеуі, салмақ жоғалту, әлсіздік, дене қызуы, терідегі қышу, ауыр жағдайда кистаның жарылуы және ішкі ағзалардың зақымдануы сияқты белгілер пайда болады.*

*Ауруды анықтау үшін ультрадыбыстық зерттеу (УДЗ), КТ (компьютерлік томография), қан анализі (эхинококкқа қарсы антиденелер) жасалады. Емі тек хирургиялық жолмен, яғни киста алынуы қажет. Сонымен қатар, паразитке қарсы дәрі-дәрмек те тағайындалады.*

*Эхинококкоздың алдын алу әр адамның және әр отбасының міндеті. Ол үшін ит пен мысықты уақытылы дегельминтизация (құртқа қарсы дәрі беру) жасау керек. Қолды жиі жуу (әсіресе итпен ойнаған соң, далада жұмыс істегеннен кейін), жеміс-жидек пен көкөністі жақсылап жуу, иттерге шикі мал еті мен ішек-қарын бермеу, мал сойғанда ішкі ағзаларын тек мал дәрігеріне көрсету сияқты сақтық шараларын ұстанып жүру керек.*

*Эхинококкоз жай ғана паразиттік ауру емес, бұл қауіптің көзі. Оның салдары тек адам денсаулығына ғана емес, ауыл шаруашылығы саласына да әсер етеді. Сондықтан әрбір азамат алдын алу шараларын білуі және сақтықты бірінші орынға қоюы тиіс. Ауруды емдегенше, оның алдын алған оңай екені есіңізде болсын!*

**С.Калиев,**
**Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор**

# ЕҢБЕКТІ ҚҰРМЕТТЕУ – АДАМГЕРШІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ

*Тандыр нан пісіру – үлкен жауапкершілікті, шыдамдылықты және мейірімділікті қажет ететін іс. Гүлнар апай бұл кәсіппен он жылдан астам уақыт бойы айналысып келеді. Оның айтуынша, әр нанның өз мінезі бар, сондықтан оны жақсы көңілмен илеп, қамқорлықпен пісіру керек.*

*«Тандырдың отын жағып, оның қызуын дәл есептеу керек. Нанның әр сәті бақылауда болуы тиіс. Егер от тым қатты болса, нан күйіп кетеді, ал әлсіз болса, дұрыс піспейді. Бұл жұмыста сабыр мен тәжірибе керек», – дейді Гүлнар апай.*

*Ол таңғы сағат төртте тұрып, қамыр илеп, пешті дайындайды. Күн сайын жүздеген нан пісіріп, дүкендер мен көршілерге жеткізеді. Қызу пештің жанында ұзақ тұру оңай емес, әсіресе жаздың ыстығында. Бірақ Гүлнар апай үшін еңбектің қадірі – адамдардың ризашылық күлкісін көру.*

*Тандыр – ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан дәстүрлі пеш түрі. Ол балшықтан жасалып, ішкі беті жалтыратылған, жылуды ұзақ сақтайды. Мұндай пеште пісірілген нанның иісі ерекше, дәмі ұзақ уақыт сақталады. Тандыр нан – қазақтың да, өзбек пен ұйғыр халқының да дастарханындағы ең қадірлі тағамдардың бірі.*

*Гүлнар апайдың айтуынша, тандыр нанның сапасы ең алдымен қамырға байланысты:*

*«Ұнның сапасы жақсы болуы керек. Қамырды қолмен илегенде ғана ол жұмсақ әрі дәмді болады. Нанды пісіру – тек жұмыс емес, ол өнер».*

*Еңбек – өмірдің мәні*

*Бүгінгі заманда көптеген жастар жеңіл жол іздейді. Бірақ нағыз бақыт – маңдай термен келген адал еңбекте. Тандыр нан пісіретін адамдар – қарапайым болса да, қоғамға ең қажетті мамандар. Олардың еңбегі арқасында әр отбасының дастарханында береке орнайды.*

*Гүлнар апайдың өмірі – еңбекқорлықтың айқын үлгісі. Ол өз ісін сүйіп істейді, жас буынға әрқашан адал еңбек етудің маңызын айтып жүреді:*

*«Қолыңнан іс келсе, ұялма, еңбектен. Еңбекті сүйсең, өмірің де шуақты болады», – дейді ол.*

*Тандыр нан пісіретін кісілер – қоғамның көрінбейтін қаһармандары. Олардың қолынан шыққан әр нан – адал еңбектің, мейірім мен сабырдың жемісі.*

*Біз осындай жандарды бағалап, олардың еңбегін дәріптеуіміз керек. Себебі еңбек еткен адамның жүрегі таза, ниеті ақ, өмірі берекелі болады.*

*«Адал еңбек – адамның ең үлкен байлығы. Еңбек еткен ел ешқашан тозбайды.»*

**Алия Бақытқызы,**
**9 сынып оқушысы**



# ПЕРВИЧНАЯ ПРОФИЛАКТИКА РАКА МОЛОЧНОЙ ЖЕЛЕЗЫ САМООБСЛЕДОВАНИЕ МОЛОЧНЫХ ЖЕЛЁЗ



*Профилактика рака груди у женщин сокращает смертность. Она призвана уменьшить риск развития онкологи, а при ремиссии – рецидива болезни.*

*Первичная профилактика: Профилактический комплекс мероприятий, призванных определить начальные процессы формирования злокачественных опухолей. Раннее выявление болезни – основной фактор простого и быстрого лечения в сравнении с запущенными стадиями.*

*Профилактические меры начальной группы:*

**здоровый образ жизни;*достаточная подвижность каждый день;*

**отсутствие вредных привычек и зависимостей;*физические упражнения, направленные на укрепление мышц груди;*борьба с проявлениями стресса;*снижение массы тела;*отказ от гормональных препаратов после наступления менопаузы;*

**потребление достаточного витаминного комплекса;*правильное питание;*правильно подобранные продукты;*регулярная самодиагностика.*

*Самодиагностика проводится регулярно перед наступлением месячных. Первые проявления рака замечаются при пальпации и визуальном осмотре груди. Диагностика предупреждает развитие патологических процессов.*

*Самообследование молочных желёз*

*Для выполнения диагностики женщине нужно встать перед зеркалом и осмотреть область грудной клетки. Первичное внимание уделить форме груди, форме ореолы и соска. Поднять обе руки вверх, провести визуальный осмотр в таком положении. Произвести пальпацию груди, положив три пальца на область ореолы и совершать круговые движения по всей площади груди. На наличие выделений самодиагностика производится с помощью зажатия соска между указательным и большим пальцем руки. Повторить процедуру пальпации в положении лежа. Проверить область подмышек, где расположены лимфоузлы, на предмет их увеличения. При обнаружении любых признаков проявления стоит обратиться к врачу.*

*На рак могут указывать:*появление выделений крови или гноя из соска;*изменение формы груди;*изменение цвета кожных покровов;*сухость кожи;*шелушение соска;*увеличение в районе лимфоузла;*уплотнения в молочной железе;*боль при пальпации в области груди.*

***Г.С. Калиякберова,***
***ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ специалист кабинета ЗОЖ***

# ПИРАМИДА ПИТАНИЯ




*Это составление сбалансированного рациона, где продукты располагаются на разных уровнях в зависимости от необходимой для здоровья частоты потребления. В основе лежат злаки, овощи и фрукты, а на вершине — жиры и сладости, которые нужно есть в умеренных количествах. Также в некоторых вариантах пирамиды в основании располагается физическая активность.*

*Основные уровни пирамиды питания*

*Основание: Зерновые продукты (хлеб, крупы, макароны, рис), овощи и фрукты. Они должны составлять основу рациона, обеспечивая организм энергией, витаминами и клетчаткой.*

*Средний уровень: Молочные продукты, мясо, рыба и яйца. Эти продукты содержат белок и необходимы для строительства и восстановления тканей, их следует употреблять в умеренном количестве.*

*Вершина: Жиры, масла и сладости. Эти продукты должны присутствовать в рационе в минимальных количествах, так как их избыток может негативно сказаться на здоровье.*

*Принцип работы пирамиды*

*Чем ниже уровень пирамиды, тем больше продуктов из этой группы вы должны употреблять.*

*Чем выше уровень, тем меньше продуктов из этой группы следует включать в свой рацион.Физическая активность также является неотъемлемой частью здорового образа жизни и должна поддерживать баланс между потребляемой и расходуемой энергией.*

***Г.С. Калиякберова,***
***ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ специалист кабинета ЗОЖ***

# АҚЫННЫҢ АСҚАҚ ӘЛЕМІ



*Ақын — жүректен туған сөздің шебері, елдің мұңын да, қуанышын да өлең арқылы өрнектеген ерекше болмыс иесі. Оның жырлары — уақытпен үндескен сыр, ұрпақтан-ұрпаққа жетер рухани қазына. Ақын – сөзге жан бітіріп, сезімге өмір сыйлаған, халқының үніне айналған тұлға.*

*Сыршыл ақын, Жетісу жерін өлеңге қосып жырлағын қаламгер — Талапбек Азанбайдың шығармашылығына арналған ерекше жыр кеші Ескелді ауданында өтті.*

*Жырмен өрілген мерейтой*

*Ескелді аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Талапбек Азанбайдың 60 жасқа толуына арналған «Ақынның асқақ әлемі...» атты әдеби кеш жоғары деңгейде өтті.*

*Әдеби кешке Астана мен Алматы қалаларынан, сондай-ақ Жетісу өңірінен бірқатар белгілі қаламгерлер мен зиялы қауым өкілдері арнайы келіп, ақынның шығармашылығы жайлы жылы лебіздерін білдіріп, естеліктерімен бөлісті.*

*Кеш аясында «Қандай көркем, туған өлкем» атты жергілікті қаламгерлер мен жас ақындардың шығармашылығын қамтыған кітап көрмесі ұйымдастырылып, кеш қонақтарының назарына ұсынылды.*




*Сонымен қатар, Талапбек Азанбайдың «Даламен тілдесу» және «Жыр-ғұмыр» атты қос кітабының тұсаукесері өтті. Бұл жинақтарда ақынның табиғатпен етене үндескен терең ойлы туындылары мен адамзаттық тақырыптарды арқау еткен жырлары топтастырылған.*

*Өлеңмен өрілген кеш*

*Кеш барысында аудандық мәдениет үйі мен кітапхана қызметкерлері ақынның жүрекжарды жырларын тебірене оқыды. Сондай-ақ, ақын өлеңіне жазылған әндер шырқалып, жыр кешінің сәнін келтірді. Әдеби шара шынайы рухани әсерге толы, жүрекке жақын мазмұнымен есте қалды.*

*Бұл кеш — ақын шығармашылығына берілген құрмет қана емес, сонымен қатар руханиятқа, әдебиетке деген биік көзқарастың көрінісі. Ақын жыры — ұлт рухының үні. Талапбек Азанбайдың шығармашылығы алдағы уақытта да оқырман жүрегінен орын алып, жаңа буынға жол көрсетер рухани бағдар болары сөзсіз.*

**Жазира ШЫНДАУЛЕТҚЫЗЫ**
Аудандық кітапхананың библиографы

# АРДАГЕР КІТАПХАНАШЫ-РУХАНИЯТ ШАМШЫРАҒЫ



*Қоғамның рухани қазынасын сақтап, ұрпақ санасына білім мен мәдениеттің дәнін себушілердің бірі-кітапханашылар қауымы. Солардың ішінде ұзақ жылдар бойы ел игілігі үшін еңбек етіп, талай жастың рухани жансерігіне айналған ардагер кітапханашылардың орны ерекше. Осындай жанның бірі- Құрмансейітова Күләш.*

*Күләш апай -1954 ж желтоқсан айында Алматы облысы,Талдықорған ауданы,Калиновка (қазіргі Көктөбе) ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын өзінің туған ауылында 1971 жылы аға пионер вожатыйлықтан бастады. 1973ж Сарқан қаласындағы мәдени-ағарту училищесіне оқуға түсіп, оны 1976 жвлы бітіріп шықты. Ауыл кітапханасында 1998 жылға дейін, жұмыс істеп жаппай кітапхана жабылып, қалған соң мектепте жұмыс істеді. 2008 жылы кітапханалар қайта ашылып сол ауыл кітапханасында 2012 жылға дейін зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмыс істеді. Ол өз өмірін кітапхана ісіне арнап, бірнеше жылдар бойы кітап пен оқырман арасындағы алтын көпір бола білді. Қиын кезкңдер мен өзгерістерге толы уақыттарда кітапқа деген сүйіспеншілігін жоғалтпай нағыз мәдени ордаға айналдырды.*

*Ардагер кітапханашының еңбек жолы- жас мамандарға өнеге. Ол әр оқырманмен тіл табысып, олардың сұранысын түсіне білетін, әр кітаптың тағдырын жүрегімен сезінетін нағыз өз ісінің шебері болды. Зейет демалысына шыққанымен, ардагер кітапханашы кітаптан қол үзген жоқ. Ол әліде жастарға ақыл кеңесін беріп, кітап оқу мәдениетін насизаттап келеді. Оның өмір жолы еңбек сүйгіштік пен парасаттылық руханиятқа адалдықтың айғағы.*

*Ардагер кітапханашылар- ұлт руханиятының шамшырағы, кітапқа деген сүйіспеншілікті ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші абзал жандар.*

**Жазира УМИРБЕКОВА,**
Қоңыр ауылдық кітапханасының кітапханашысы

# «РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ» ОРАЙ МЕКЕМЕЛЕР АРАСЫНДА ФУТЗАЛЖАРЫСЫ



*2025 жылдың 17 қазан күні Қарабұлақ ауылында «Республика күні» мерекесіне орай мекемелер арасында аудандық деңгейде футзал жарысы ұйымдастырылды. Спорттық іс-шараның басты мақсаты – қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, ұйымдар арасындағы ынтымақтастық пен достық қарым-қатынасты нығайту болды.*

*Жарысқа түрлі мекемелерден командалар қатысып, тартысты ойын өрбіді. Командалардың жоғары деңгейдегі ойын тактикасы мен шеберліктері көрермендердің ықыласына бөленді.*

*Турнир қорытындысы бойынша:*
*1 орын – БЖСМ командасы*
*2 орын – Мансап командасы*
*3 орын – Ескелді ауданы полиция бөлімшесі командасы иеленді.*

*Жеңіске жеткен спортшылар мен командалар «Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалының атынан арнайы кубоктармен, медальдармен және грамоталармен марапатталды.*

*Аталған жарыс аудан көлемінде спорттың дамуына, мекемелер арасындағы ынтымақтастықты арттыруға және мерекелік күннің мән-маңызын айшықтауға үлес қосты.*

**Г.ОМАРОВА,**
«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

# СЫРЫМБЕТ АУЫЛЫНДА ҚЫЗДАР АРАСЫНДА ФУТБОЛ ЖАРЫСЫ ӨТТІ



*2025 жылдың 22 қазан күні Сырымбет ауылдық округінде аудандық «Ұлттық мектеп лига» аясында 9–11 сынып қыздар арасында футбол ойыны ұйымдастырылды. Жарыстың басты мақсаты — жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және спортқа қызығушылықты арттыру болды.*

*Ойын барысында қатысушы командалар жоғары деңгейдегі дайындықтары мен үздік ойын шеберліктерін көрсетті. Нәтижесінде:*
*1 орын – Сырымбет Ж. Жақыпбаев атындағы орта мектебі*
*2 орын – Қарабұлақ орта мектебі*
*3 орын – Абай орта мектебі иеленді.*

*Жеңіске жеткен спортшылар “Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы” КММ-сі Ескелді аудандық филиалының атынан арнайы кубок және грамоталармен марапатталды.*

*Бұл жарыс аудан оқушылары арасында спортқа деген қызығушылықты арттырып, қыздар футболының дамуына серпін берді.*

**Г.ОМАРОВА,**
«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

# ҚАЙНАРЛЫ АУЫЛЫНДА ШАХМАТ ЖАРЫСЫ ӨТТІ

*2025 жылдың 21 қазан күні Ескелді ауданына қарасты Қайнарлы ауылында «25 қазан – Республика күні» мерекесіне арналған шахматтан ауыл тұрғындары арасындағы жарыс ұйымдастырылды. Шараны “Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы” КММ-нің Ескелді аудандық филиалы мен ауылдық әкімдік бірлесе өткізді. Бұл жарыстың басты мақсаты – ауыл тұрғындары арасында интеллектуалдық ойын түрлерін дамыту, жастардың логикалық ойлау қабілетін арттыру, сондай-ақ мереке қарсаңында салауатты өмір салтын насихаттау болды. Сонымен қатар, шара қоғамда белсенді өмірлік*



*ұстанымды қалыптастыруға, тұрғындардың бос уақытын тиімді пайдалануға және ауылдық жерлерде спорт мәдениетін өркендетуге бағытталды. Жарысқа әр жастағы ауыл тұрғындары белсене қатысып, өздерінің ойлау шеберліктерін, стратегиялық қабілеттерін және тапқырлықтарын көрсетті. Әр партия үлкен қызығушылықпен өтті. Қатысушылар бір-біріне лайықты қарсылас бола білді, ал көрермендер ойыншылардың әр жүрісін ерекше ықыласпен бақылап отырды. Тартысты өткен дода нәтижесінде:*
*1-орынды – Есболатқызы Ұлжан,*
*2-орынды – Тұрсынұлы Бағлан,*
*3-орынды – Заңғарұлы Мансұр иеленді.*

*Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге “Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы” КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы грамоталар мен естелік сыйлықтар табысталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар ауыл тұрғындарының арасындағы спорттық белсенділікті арттырумен қатар, интеллектуалды ойындарға қызығушылықты оятады. Әсіресе, жастардың шахматқа деген ынтасын арттыру — болашақта ауылдан жаңа дарынды спортшылардың шығуына жол ашады. Жарыс соңында қатысушылар мен көрермендер жылы лебіздерін білдіріп, алдағы уақытта осындай мәдени-спорттық іс-шаралар дәстүрлі түрде өткізіліп тұрса деген тілектерін жеткізді. Қайнарлы ауылындағы бұл мерекелік шахмат турнирі ауыл өміріне серпін беріп, тұрғындарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар, Республика күніне арналған іс-шара халықты бірлікке, патриоттық рухқа және салауатты өмір салтын ұстануға үндеген маңызды мәдени-спорттық оқиға болды.*

**Г.ОМАРОВА,**
«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ БІРЛІК ПЕН БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ




*Мемлекеттік тіл елдің егемендігін айқындайтын, халықты ортақ мақсатқа біріктіретін басты құндылықтардың бірі. Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қазақ тілі» деп белгіленген. Мемлекеттік тіл елдің тәуелсіздігін, бірлігін, тұтастығын айқындайтын басты белгі. Сондықтан да тіл мәселесі кез келген мемлекеттің саяси, әлеуметтік және мәдени өміріндегі аса маңызды бағыттардың бірі.*

*Тәуелсіздік алған жылдардан бері қазақ тілі қоғам өмірінің барлық саласында тұрақты түрде дамып келеді. Мемлекеттік қызмет, білім беру, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және сот ісін жүргізу салаларында тіл саясатын жүйелі түрде дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Атап айтқанда сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолдану азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау кепілдігінің бірі. Сот отырыстарының мемлекеттік тілде жүргізілуі, процесс қатысушыларының өз тілінде сөйлеу құқығын қамтамасыз ету, сот құжаттарын мемлекеттік тілде ресімдеу әділ сот төрелігінің сапасын арттыратын маңызды фактор.*

*Мемлекеттік тілдің өрісін кеңейту тек мемлекеттік органдарының ғана емес, әрбір азаматтың борышы. Қазақ тілін құрметтеу ел тағдырына, ұлттың болашағына деген жауапкершіліктің көрінісі. Тілдің дамуы елдің рухани тұтастығы мен тәуелсіздігінің нығаюына тікелей әсер етеді. Сондықтан мемлекеттік тілді меңгеру мен қолдану бүгінгі және келешек ұрпақ алдындағы парыз.*

**Гульнара АСЕЛБАЕВА**
**Ескелді аудандық сотының судьясы**

# «АЛТЫН КҮЗ» МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАСЫ – ҚАМҚОРЛЫҚ ПЕН МЕЙІРІМДІЛІККЕ ТОЛЫ ЕРЕКШЕ КҮН




*Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ұйымдастырған «Алтын күз» мерекелік іс-шарасы қамқорлық пен жылы сезімге толы шынайы мереке болды. Бұл шара жалғызбасты қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға, сондай-ақ мүгедектігі бар балаларға арналған арнайы мерекелік кеш ретінде өткізілді. Оның басты мақсаты – қоғамның осындай ерекше топтарына деген қамқорлықты арттыру, олардың шығармашылық қабілеттерін таныту және әлеуметтік қолдаудың маңыздылығын насихаттау болды.*

*«Алтын күз» шарасы – әлеуметтік әлсіз топтарға деген қамқорлық пен қолдауды көрсететін маңызды әлеуметтік жоба. Бұл іс-шара қарттар мен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы көңіл бөлуді талап ететін, олардың өмірін жақсартуға бағытталған бірегей мүмкіндік. Мерекенің басты идеясы – қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру, ерекше балалардың өнерін насихаттау арқылы олардың өзін-өзі танытуына және қоғамдағы орнын арттыруға жәрдемдесу.*




*Іс-шара барысында балалардың өнері ерекше назарға алынды. Олар әсем ән шырқап, көңілді би билеп, өздерінің шығармашылық қабілеттерін паш етті. Әрбір орындау – жүрекпен шыққан құштарлық пен талантың куәсі болды. Бұл өнер көрсетілімдері қатысушыларға ерекше әсер қалдырып, барлығын қуаныш пен жылулыққа бөледі. Балалардың өнеріне тәнті болған ата-аналар мен қонақтар түрлі ойындар мен көңілді шараларға белсене қатысты.*

*Мереке тек өнермен шектелмей, қатысушыларға әлеуметтік қолдау көрсетуге де бағытталды. Қонақтар мен қатысушылар үшін ұйымдастырылған фуршет барысында барлығы дастархан басында жиналып, бір-бірімен жылы жүзбен, шынайы әңгімелермен бөлісті. Бұл бірлік пен қолдаудың маңызды көрінісі болды, қоғамдағы әрбір адамның мейірім мен қамқорлыққа мұқтаж екенін еске салды.*

*Іс-шара соңында қатысушылардың жүзінен қуаныш пен ризашылық сезімі байқалды. Осындай игі шаралардың маңызы – тек бір күнге ғана емес, алдағы уақытта да жалғасатын мейірімділік пен қамқорлықтың негізін қалауда. Әлеуметтік әлсіз топтардың өмір сапасын жақсарту, оларды қоғамға бейімдеу және қолдау көрсету – басты міндеттердің бірі екені тағы да дәлелденді.*

*«Алтын күз» іс-шарасы өз жалғасын тауып, алдағы уақытта да жалғызбасты қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған түрлі мәдени және әлеуметтік шараларды ұйымдастыру жоспарда бар. Бұл бағыттағы жұмыс – қоғамдағы қайырымдылық пен адамгершілікті дамытуға, әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға бағытталған маңызды іс-қимыл болып табылады.*

*Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі осындай шараларды тұрақты түрде өткізіп, ерекше жандарға қолдау көрсету бағытында жұмысын жалғастыруды жоспарлап отыр. «Алтын күз» мерекесі – бұл тек мереке ғана емес, сонымен бірге қоғамның мейірімділігі мен қамқорлығын көрсететін маңызды платформаға айналды.*

*Жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге, сондай-ақ мүгедектігі бар балаларға арналған бұл іс-шара олардың қоғамдағы орнын нығайтып, олардың таланттары мен мүмкіндіктерін паш етуге мүмкіндік берді. Мерекеде балалардың өнері мен қонақтардың шынайы қолдауы ерекше жылылық сыйлады. Қоғамдағы осындай игі бастамалар арқылы біз бірге мейірімділікті, қамқорлықты және қайырымдылықты нығайтып, әрбір азаматтың қадірі мен құрметке лайық екенін көрсете аламыз. «Алтын күз» сияқты шаралардың тұрақты түрде өткізіліп, кеңінен дамуы болашақта әлеуметтік әлсіз топтардың өмір сапасын жақсартуға зор үлес қосатынына сеніміміз мол. Осылайша, мейірім мен достық қоғамды біріктіріп, баршаға қуаныш пен үміт сыйлайды.*

# БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУДАҒЫ 100 ЖЫЛ

*Қазақстандық білім, ғылым және жоғары оқу орындары қызметкерлерінің салалық кәсіподағы биыл өзінің 100 жылдық мерейтойын атап өтті. Кәсіподақ алғаш рет 20 ғасырда пайда болды. Содан кейін де, қазір де басты міндет-кәсіби мүдделерді қолдау және мектеп қызметкерлерінің құқықтарын қорғау. Бір ғасыр бойы кәсіподақ қызметкерлердің сенімді тірегі және құқықтарын қорғаушысы болып қала береді. Оның басты басымдығы – педагогтар мен ғылыми қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік және экономикалық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын орындауына қоғамдық бақылау жасау жұмыстың маңызды бағыты болып қала береді. Заңгерлік көмекке сұраныс артып, тиімділігі де жоғарылауда. Еңбекке ақы төлеу, жұмыс уақыты режимінің сақталуы және басқа да көптеген мәселелер өзекті болып табылады.*

*Кәсіподақ-бұл өз мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін бір кәсіппен айналысатын адамдардың бірлестігі. Мұғалімдер де ерекшелік болған жоқ. Әрбір мектепте аудандық бұдан әрі ірі ұйым - Қазақстан Республикасының кәсіптік одағына кіретін кәсіподақ бар. «Оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің «Жетісу» жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлесігі облыстағы білім беру мекемелерінің кәсіподақтарын біріктіреді. Бұл үлкен және ықпалды ұйым, қажет болған жағдайда аудандық кәсіподақтарға көмекке келеді. Кәсіподақ өзінің сайланған органы арқылы білім беру ұйымы қызметкерлерінің мүдделерін білдіреді. Егер мектепте немесе балабақшада кәсіподақ болса, онда басшы оның пікірін ескеруі керек. Егер басшы еңбек құқығы нормаларын қамтитын жергілікті актіні қабылдаса немесе өз бастамасы бойынша кәсіподақ мүшесі – қызметкерді жұмыстан шығарса, кәсіподақтың пікірін ескеру қажет.*

*Әлеуметтік серіктестіктің негізгі мақсаты – жұмысшылардың материалдық әл-ауқатын жақсарту. Осы мақсатта кәсіпорында ұжымдық шарт жасалады.*

*Кәсіподақ мыналарды істей алады: Сіздің еңбек құқықтарыңызды қорғау: жұмыстан заңсыз шығаруға қарсы тұру, әкімшілікпен дауларда немесе оқу жүктемесін дұрыс бөлмеген жағдайда көмектесу. Сіздің мүдделеріңізді білдіру: жалақы, еңбек жағдайлары және әлеуметтік кепілдіктер мәселелері бойынша ұжымдық келіссөздер жүргізу. Заңгерлік көмек көрсету: еңбек заңнамасы мәселелері бойынша кеңес беру.*

*Кәсіподақтардың негізгі мақсаты – жұмысшылардың әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау.*

*Кәсіподақтардың кейбір міндеттері:*

*-Әділ еңбекақы төлеуді қамтамасыз ету. Бұл жалақының ең төменгі деңгейін қорғауды ғана емес, сонымен қатар есептеулердің ашықтығы, уақытылы төлемдер және табыстарды индекстеу үшін күресті қамтиды.*

*-Еңбек заңнамасының сақталуын бақылау. Кәсіподақтар жұмыс берушінің қызметкерлердің құқықтарын бұзбауын қадағалайды. Бұл жұмыс уақытына, демалысқа, еңбек жағдайларына және әлеуметтік кепілдіктерге қатысты.*

*-Еңбекті қорғау және жұмысшылардың денсаулығы мәселелері. Олар жұмыс жағдайларын тексеруді ұйымдастыра алады, жарықтандыруды, желдетуді немесе өндірістегі қауіпсіздікті жақсартуды талап ете алады.*

*-Әлеуметтік-тұрмыстық міндеттер. Кәсіподақтар қызметкерлерге қосымша жеңілдіктер алуға көмектеседі: медициналық сақтандырудан бастап өз мүшелері үшін санаторлық-курорттық емдеуді ұйымдастыруға дейін, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайларда материалдық көмек және басқа да көмектер көрсетеді.*

**А. АЙТБУЗИНОВА,**
**Ескелді аудандық кәсіподақ филиалының төрағасы.**

# БАҚТЫБАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫН ТҮСІНДІРУ БОЙЫНША ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ



*Бақтыбай ауылдық округінің әкімшілігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын түсіндіру бойынша дөңгелек үстел өтті 2025 жылғы қазан айының 21 күні Бақтыбай ауылдық округінің әкімшілігінде мекеме қызметкерлерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын түсіндіруге бағытталған дөңгелек үстел өтті. Іс-шараның мақсаты – мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарын кеңінен түсіндіру және жемқорлықтың алдын алу шараларын талқылау. Дөңгелек үстел барысында қатысушыларға сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының түрлері, олар үшін заң алдында жауапкершілік, сондай-ақ жемқорлық фактілерін болдырмаудың жолдары туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, ашықтық пен айқындық қағидаттарын ұстанудың маңыздылығы атап өтіліп, адал еңбек пен жауапкершілікке негізделген қызмет атқарудың маңызы сөз болды. Іс-шара қорытындысында қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы орта қалыптастыру бойынша ұсыныстар айтылды.*

**Ш.МАХМУТ**
**Бақтыбай ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің бас маманы**

# ҚР ҰБ ЖӘНЕ ИПБ БАСҚАРУЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДЕРГЕ ШОЛУ: 2025 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАЗАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША

***«БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) enpf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика – Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару» бөлімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (бұдан әрі - ИПБ) зейнетақы активтерін басқаруы туралы есебін ұсынды.***

2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ҚРҰБ пен ИПБ-лардың басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі – 25 716,69 млрд теңге. Осы күнгі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған, ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері 25 047,64 млрд теңге болды. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің көлемі – 594,85 млрд теңге.

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен 74,20 млрд теңге.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретінде теңгерімді инвестициялық саясатты ұстанады: валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының саналуан түрлеріне инвестициялайды.

2025 жылғы 1 қазанда МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін инвестициялаудың негізгі бағыттары мынадай: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 42,08%, квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары – 9,33%, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары – 2,66%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 1,95%, МҚҰ - 1,23%, ҚРҰБ депозиттері – 0,87%.

2025 жылғы 1 қазандағы МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісіндегі инвестициялық портфель мынадай: ұлттық валютадағы инвестициялар – 56,75%, АҚШ долларымен – 43,25%.

Алынған кірістің құрылымын талдаудан бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі, оның ішінде орналастырылған салымдар мен «кері РЕПО» операциялары бойынша және бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер – 1 450,29 млрд теңге. Сыртқы басқарудағы активтерді қоспағанда, шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кіріс – 235,62 млрд теңге, сыртқы басқарудағы активтер бойынша алынған кіріс, оның ішінде бағамдық қайта бағалау есебімен – 661,64 млрд теңге, өзге кірістер - 5,30 млрд теңге. Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалау теріс болды.

2024 жылдың қазанынан бастап 2025 жылдың қыркүйегіне дейінгі соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кіріс мөлшері шамамен 3,11 трлн теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік – 14,11%, инфляция мөлшері – 12,90%.2025 жылғы 1 қазандағы ЖМЗЖ инвестициялау бағыттары мынадай: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 98,53%, инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат - 0,86%, ҚРҰБ депозиттері – 0,61%.

ЖМЗЖ есебінен инвестициялық портфель тек ұлттық валютада номиналданған қаржы құралдарынан тұрады.

2025 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша ЖМЗЖ есебінен зейнетақы активтерінің соңғы 12 айдағы кірістілігі 8,44% көрсетті.

